



## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 244 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 ақпанда № 10339 тіркелді.

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қ. Келімбетов

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

\_\_\_\_\_ Ә.Смайылов

2015 жылғы 12 ақпан

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 244 қаулысына  
қосымша

## **Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы Ереженің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес К1 коэффициенті мәнінің есебін, 4-қосымшасына сәйкес К2 коэффициенті мәнінің есебін, сондай-ақ осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес пруденциялық нормативтерді орындау туралы есепті уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18-00-ден кешіктірмей, осы Ереженің қосымшаларының мынадай нысандары бойынша:

1) қағаз тасымалдауышта – осы Ереженің 5-қосымшасының;

2) электрондық тасымалдауышта – осы Ереженің 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларының нысандары бойынша ұсынады.

Есептердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі. Оларды жасауда пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан астам сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді. Коэффициенттер үтірден кейін төрт белгімен беріледі.";

1-қосымша Тізбенің 11-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

6. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2015 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезде бөлінген активтердің құрамына кіретін ақшаны инвестициялауды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды және бөлінген активтер есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы № 38 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7475 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысында (бұдан әрі – № 189 қаулы) сәйкес көзделген талаптарға сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары;

2) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және № 189 қаулысында көзделген талаптарға сәйкес келетін акциялар;"

10) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және № 189 қаулысында көзделген талаптарға сәйкес келетін бағалы қағаздары;"

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық қоры активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын және өзге мүлікті инвестициялау қағидаларын және акционерлік және пайлық инвестициялық қорлардың құрамына кіретін қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7540 тіркелген, 2012 жылғы 4 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде № 369-374 (27448) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-қосымша Тізбенің 12-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

9. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.04.2019 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.09.2019 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

13. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

14. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 79 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 18 сәуірде "Заң газеті" газетінде № 56 (2450) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

45-тармақтың екінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына (бұдан әрі – № 189 қаулы) сәйкес қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитент-банктер немесе акциялары қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі эмитент-банктер болып табылады;"

75-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары" санатына енгізілген, Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;"

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 16 сәуірде "Заң газеті" газетінде № 54 (2448) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

41-тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына (бұдан әрі – № 189 қаулы) сәйкес қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитент-банктер немесе акциялары қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі эмитент-банктер болып табылады."

17. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 58 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

18. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.08.2020 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
11-қосымша  
Сауда-саттықты ұйымдастырушы  
үшін пруденциалдық нормативтерді  
есептеу ережесіне  
1-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**  
**Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша**  
**мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы**  
**активтерінің кестесі**

**Есепті кезең: 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

Индекс: ТА-1\_ОТ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

---

сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы



(мың теңгемен)

№	Баптардың атауы	Сома	Тәуекел деңгейі пайызбен	Есепке арналған сома
I топ				
1	Қолма-қол теңге		100	
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетелдік қолма-қол валютасы		100	
3	Тазартылған бағалы металдар		100	
4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		100	
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
	Қазақстан Республикасы			



7	Үкіметінің дебиторлық берешегі		100	
8	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі		100	
9	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		100	
10	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар		100	
11	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
12	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық		100	

	қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар			
II топ				
13	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы		100	
14	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
15	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
16	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі		100	

	бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар			
17	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		100	
18	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
19	Тәуекелдің I-тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының дебиторлық берешегі		100	
20	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі		100	
	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі			

21	тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
22	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
23	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздары		100	
24	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздары		100	
25	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас		100	

	деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар			
26	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" агенттігінің "AAA"-дан "AA"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары		100	
III топ				
27	Тазартылмаған бағалы металдар		100	
28	"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар		100	
29	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің		100	

	орталық банктеріндегі салымдар			
30	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
31	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		100	
32	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
33	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі		100	
	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"			

34	<p>-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздары</p>		100	
35	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздары</p>		100	
36	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздары</p>		100	
37	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар</p>		100	



38	<p>Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard &amp; Poor's" агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары</p>		100	
IV топ				
39	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріндегі салымдар</p>		100	
	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің</p>			

40	<p>бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар</p>	100	
41	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы және "Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарындағы салымдар</p>	100	
	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан</p>		

42	<p>Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және "Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BBB+" -тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша</p>	100		
43	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және "Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BBB+" -тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының</p>	100		

	резидент емес ұйымдарының дебиторлық берешегі			
44	Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі		100	
45	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздары		100	
46	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздары		100	
47	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті		100	

	рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздары			
48	"Standard & Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары және "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
49	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"		100	

	-тен "kzBBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары			
50	Төлемдер бойынша есеп айырысулар		100	
51	Негізгі құрал-жабдықтар		100	
52	Материалдық қорлар		100	
53	Сыйақының және шығыстар сомаларының алдын-ала төлемі		100	
V топ				
54	Сауда-саттықты ұйымдастырушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету		100	
55	"Standard & Poog's" агенттігінің "B"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
	"Standard & Poog's" агенттігінің "B"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа			

56	рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
57	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарындағы салымдар		100	
58	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы салымдар		100	
	Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет			



59	<p>мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарындағы салымдар</p>		100	
60	<p>Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша</p>		100	
61	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының дебиторлық берешегі</p>		100	
62	<p>Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының дебиторлық берешегі</p>		100	
	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің "B"-тен төмен тәуелсіз</p>			

63	рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар		100	
64	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		100	
65	"Standard & Poor's" агенттігінің "B"-тен төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
66	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент емес		100	

	ұйымдары шығарған бағалы қағаздар			
67	Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шетел мемлекеттерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
68	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poog's" агенттігінің "BB+"-тен "BB-" дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poog's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары		100	
	Осы ереженің 51 жолында көрсетілген деңгейден төмен рейтингтік бағалауы бар, сондай-ақ рейтингтік бағалауы жоқ, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу			

69	<p>тізімінде № 9871 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін ( жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына сәйкес қор биржасының ресми тізімінің " квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары" секторына енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар.</p>	100		
	<p>Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, осы ереженің 72 және 73 жолдарында көрсетілген бағалы қағаздардан басқа, келесі талаптарға сәйкес:</p> <p>1) борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу</p>			

туралы өтініш берген күнге дейінгі кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

2) борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептіліктің ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есеп жасайды;

3) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

4) борыштық бағалы қағаздар эмитенті қор биржасына соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік ұсынған (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда-шоғырландырылған қаржылық есептілік);

5) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншік капиталы соңғы есептік күнге аудиторлық есеппен расталған (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда-шоғырландырылған қаржылық есептілік

) қаржылық есептілікке сәйкес тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

6) соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес аудиторлық есеппен расталған, аяқталған соңғы үш қаржы жылының біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза пайдасының болуы (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда - ұзартылған қаржылық есептілік);

7) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның - борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылындағы негізгі қызметі бойынша аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілік деректері бойынша (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда -

	<p>ұзартылған қаржылық есептілік ) тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;</p> <p>8) борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің бар болуы;</p> <p>9) борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар қамтылмаған;</p>			
71	Басқа қаржы құралдары		100	
	Барлығы:		x	

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)



Орындаушы: \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

\_\_\_\_\_

(телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

Ескерту:

Шетел мемлекеттерінің тізбесі:

- 1) Андорра Княздығы;
- 2) Антигуа және Барбуда Мемлекеті;
- 3) Багам аралдары Достастығы;
- 4) Барбадос Мемлекеті;
- 5) Бахрейн Мемлекеті;
- 6) Белиз Мемлекеті;
- 7) Бруней Даруссалам Мемлекеті;
- 8) Вануату Республикасы;
- 9) Гватемала Республикасы;
- 10) Гренада Мемлекеті;
- 11) Джибути Республикасы;
- 12) Доминика Республикасы;
- 13) Индонезия Республикасы;
- 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 15) Кипр Республикасы;
- 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 17) Ислам Федеральдық Республикасы Комор аралдары;
- 18) Коста-Рика Республикасы;
- 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- 20) Либерия Республикасы;
- 21) Лихтенштейн Княздығы;
- 22) Маврикий Республикасы;
- 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 24) Мальдив Республикасы;
- 25) Мальта Республикасы;
- 26) Маршалл аралдары Республикасы;
- 27) Монако Княздығы;
- 28) Мьянма Одағы;
- 29) Науру Республикасы;

30) Нидерланды (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);

31) Нигерия Федеративтік Республикасы;

32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумақтары бөлігінде ғана);

33) Біріккен Араб Әмірлігі (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);

34) Палау Республикасы;

35) Панама Республикасы;

36) Самоа Тәуелсіз Мемлекеті;

37) Сейшель аралдары Республикасы;

38) Сент-Винсент және Гренадины Мемлекеті;

39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;

40) Сент-Люсия Мемлекеті;

41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):

Ангилья аралдары; Бермуд аралдары;

Британдық Виргин аралдары;

Гибралтар;

Кайман аралдары;

Монтсеррат аралы;

Теркс және Кайкос аралдары;

Мэн аралы;

Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары);

42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдарының, Гуам аралының және Пуэрто-Рико Достастығы аумақтары бөлігінде ғана);

43) Тонга Корольдігі;

44) Филиппин Республикасы;

45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы.

**"Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының активтерінің кестесі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының активтерінің кестесі" нысанын толтыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды тоқсан сайын есепті кезеңнің соңына сауда-саттықты ұйымдастырушы толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде қолданылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді . Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектендіреді, ал бес жүз теңгеге тең сома мың теңгеге дейін дөңгелектендіреді.

5. Нысанға бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2. Нысанды толтыру бойынша Түсіндірме**

Салымдардың кредиттік дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының активтерінің есебіне түсіндірме:

6. Сауда-саттықты ұйымдастырушыда осы тармаққа сәйкес түзетілген қамтамасыз ету құнын анықтауға мүмкіндік беретін осыған ұқсас есепке алу жүйесі болғанда, сауда-саттықты ұйымдастырушыда түзетілген құны аталған активтер мөлшерінің 50 пайызынан кем еместі құрайтын қамтамасыз етуі бар (Түсіндірменің 1-6, 9-12-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар түзетілген қамтамасыз ету құнын шегергенде, тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер есебіне енгізілуі мүмкін.

Қамтамасыз етудің түзетілген құны (Түсіндірменің 1-6, 9-12-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) мыналарға:

- 1) қамтамасыз ету ретінде ұсынылған салымдардың 100 пайыздық сомасына;
- 2) қамтамасыз етуге берілген бағалы қағаздардың нарықтық құнының 95 пайызына;
- 3) қамтамасыз етуге берілген тазартылған қымбат металдардың нарықтық құнының 85 пайызына тең болады.

Жоғарыда аталған салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың қамтамасыз етілмеген бөлігі салымдарға, дебиторлық берешекке, сатып алынған бағалы қағаздарға сәйкес келетін Тәуекел дәрежесі бойынша Нысанға сай мөлшерленеді.

7. Қарсы агенттен төмен тәуекел дәрежесі бар ұйымдар кепілдік берген (сақтандырылған) сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар, заемдар, инвестициялар тәуекел дәрежесі бойынша (сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың, заемдардың, инвестициялардың кепілдік берілген (сақтандырылған) сомасын шегергендегі) сараланған активтердің есебіне борышкердің тәуекелі бойынша енгізілуі мүмкін.

8. Сауда-саттықты ұйымдастырушының инвестицияларының есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың, заемдардың, инвестициялардың кепілдік берілген (сақтандырылған) сомасы тиісті

кепілгердің (сақтандырылушының) дебиторлық берешегінің тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

Қазақстан Республикасының мынадай резидент еместеріне ұсынылған осы Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар:

1) оффшорлық аймақтың аумағында заңды тұлға ретінде тіркелгендерге;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 пайызынан астамын иеленуші оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғалардан туәлді немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатындарға;

3) оффшорлық аймақ азаматтары болып табылатындарға,

Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген қамтамасыз етуі болуына қарамастан, Нысанға сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

9. Қазақстан Республикасының мынадай резидент еместеріне ұсынылған Түсіндірменің 6-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар:

1) оффшорлық аймақ аумағында заңды тұлға ретінде тіркелгендерге, бірақ "Standard & Poor's" агенттігінің "AA-"-тен төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе міндеттемелердің барлық сомасын қамтамасыз ету үшін, аталған деңгейден төмен емес борыштық рейтингі бар бас ұйымның тиісті кепілі барларына;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 пайызынан астамын иеленуші, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғадан тәуелді болып табылатын немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатындарға, бірақ аталған деңгейден төмен емес борыштық рейтингі бар немесе міндеттемелердің барлық сомасын қамтамасыз ету үшін борыштық рейтингі деңгейдің осы тармағының 1) тармақшасында аталған деңгейден төмен емес бас ұйымның тиісті кепілі барларына, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне немесе Нысанға Ескеруде белгіленген оффшорлық аумақтар тізбесіне енгізілген не Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйыммен ақпарат алмасу жөнінде міндеттемелерді қабылдамаған оффшорлық аймақтардың тізбесіне не жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 проценттен астамын иеленуші, заңды тұлғаға қатысты тәуелді болып табылатын ұйымдарға енгізілген мемлекеттердің азаматтары не аталған оффшорлық аймақтардың аумағында тіркелген заңды тұлғаларға қатысы бойынша еншілес болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қойылатын талаптарды қоспағанда, тәуекелдің нөл дәрежесі бойынша сараланады.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша

Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
12-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 ақпандағы  
№ 60 қаулысына  
2-қосымша

**Акционерлік және инвестициялық пай қорларының құрамына  
кіруі мүмкін қаржы құралдары тізбесі**

1. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, әрбір жеке ашылған не аралық инвестициялық пай қорларының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралдарының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмитеттеген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар
3.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" Акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
4.	Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер резидент емес бас банкі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі "A-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы бар резидент емес еншілес банктер болып табылады
	Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан

5.

Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" төмен емес рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына (бұдан әрі - №189 қаулы) көзделген "акция" секторының талаптарына сәйкес акциялар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, 189 қаулымен көзделген "рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" борыштық бағалы қағаздар;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымының инфрақұрылымды облигациялары;

басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген пайлары; осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар

"Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBm-" төмен емес не "Standard & Poor's Fund credit

6.	quality ratings" "BBf-" төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы бар инвестициялық қорлардың бағасы
7.	Базалық активі Тізбенің 1-тармағының кестесінің 5, 12, 13 жолдарында көрсетілген акциялар болып табылатын не базалық активі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлы қолхаттар
8.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар шетелдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
9.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валютасы
10.	Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттер
11.	Мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар: Азия даму банкі; Америкааралық даму банкі; Африка даму банкі; Еуропа Даму банкі; Еуропа инвестициялық банкі; Еуропа Қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Халықаралық Қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы;
	Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі



12.	<p>рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танытын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар ;</p> <p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танытын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар</p>
13.	<p>Қазақстан Республикасының резиденттері Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы " 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 22-1-бабының 3-тармағына сәйкес танытын шетел ұйымы шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танытын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар</p>
14.	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes, ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді:</p> <p>айналыс мерзімі бес жылдан аспайды;</p> <p>principal protected notes шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген</p>
15.	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердегі салымдары</p>
16.	<p>базалық активі Ашық және аралық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар):</p> <p>SAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index)</p> <p>DAX (Deutscher Aktienindex)</p> <p>DJIA (Dow Jones Industrial Average)</p> <p>ENXT 100 (Euronext 100)</p> <p>FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index)</p>

	<p>KASE (Kazakhstan Stock Exchange)  MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index)  MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index)  NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index)  RTSI (Russian Trade System Index)  S&amp;P 500 (Standard and Poor's 500 Index)  TOPIX (Tokyo Price Index)  HSI (Hang Seng Index)</p>
17.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі
18.	Баға белгілеу қаржы құралдарына не қор биржаларында не Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі тәуелсіз рейтингтік бағасы бар шетел аумағында жұмыс істейтін тауар биржаларында сатылатын тауарларға немесе көрсетілген қаржы құралдарынан немесе тауарлардан тұратын индекстерге байланысты Exchange Traded Fund пайлары

**2. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, жылжымайтын мүлік әрбір жеке қорының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:**

№	Қаржы құралдарының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмитеттеген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар
3	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" Акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
4.	Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерге салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша

	<p>ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер резидент емес бас банкі Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі "А-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы бар резидент емес еншілес банктер болып табылады</p>
5.	<p>Мәміле жасау күніне олардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болған жағдайдағы акциялар</p>
6.	<p>Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard &amp; Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzB" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар</p>
7.	<p>Шетел ұйымдары шығарған Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар</p>
8.	<p>Шетел ұйымдары шығарған Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар акциялар</p>
9.	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-ден төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Азия даму банкі;</li> <li>Америкааралық даму банкі;</li> <li>Африка даму банкі;</li> <li>Еуропа Даму банкі;</li> <li>Еуропа инвестициялық банкі;</li> <li>Еуропа Қайта құру және даму банкі;</li> <li>Ислам даму банкі;</li> <li>Халықаралық есеп айырысу банкі;</li> <li>Халықаралық Қайта құру және даму банкі;</li> <li>Халықаралық қаржы корпорациясы</li> </ul>
	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-ден төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған</p>

10.	ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шетел мемлекеттерінің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
11.	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-ден төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шетелдік валюта
12.	Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттер
13.	Хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары осы қосымшаға сәйкес базалық активі жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылады.
14.	Жылжымайтын мүлік қорына кіретін мүлікке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға қатысу үлесі

Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 13-қосымша

**Ескерту. 13-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 14-қосымша

**Ескерту. 14-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін

Қазақстан Республикасының  
нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
15-қосымша

Ескерту. 15-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
өзгерістер енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
16-қосымша

Ескерту. 16-қосымшаның күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
17-қосымша

Ескерту. 17-қосымшаның күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 58 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
18-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
19-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының  
қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырула енгізілетін

нормативтік құқықтық актілерінің  
тізбесіне  
20-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.04.2018 № 80 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК